

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 1 қараша N 1429. Күші жойылды - ҚРМК-нің 1995.12.07. N 1685 қаулысымен.

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастырудың немесе таратудың жоспарларын дайындауда оларға көмек көрсету жөніндегі жұмысты жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент (бұдан әрі - Департамент) құрылсын.

2. Департаментке мыналар жүктелсін:

олардың өміршеңдік қабілетін бағалау және қайта ұйымдастыру немесе тарату кешенді жоспарларын дайындауда төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға тиімді консультациялық көмек көрсетуді жүргізу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі жоспарларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне бергенге дейін бекіту;

ұйымдастыру, техникалық және қаржылық қайта құру жоспарын әзірлеу кезінде төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға көмек көрсетуде шетелдік және отандық консультанттардың жұмысын үйлестіру;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастырудың немесе таратудың жоспарларын әзірлеу үшін министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, жергілікті атқару органдарының, шетелдік және отандық сарапшылардың қатысуымен жұмыс топтарын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастырудың нысандары мен бағыттары жөнінде ұсыныстарды әзірлеу;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтыру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде республикада консультациялық қызметтер рыногын құруға көмек көрсету.

Департамент өзінің міндеттері мен функцияларын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұйымдық басшылығымен орындайды деп белгіленсін.

3. Департамент туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

4. Департамент аппаратының шекті саны 15 адам болып белгіленсін.

5. Департамент басшысын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер - Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 1 қарашадағы

№ 1429 қаулысымен

Бекітілген

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент туралы

Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент (бұдан әрі - Департамент) төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға олардың төлем қабілетіне баға беру, кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жоспарын әзірлеуге консультациялық көмек көрсету үшін құрылған арнайы мемлекеттік орган болып табылады. Департамент осы жұмысты жүргізген кезде шетелдік және отандық консультанттардың консультациялық көмегін белсенді түрде пайдаланады.

Департамент өз функциясын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің басшылығымен жүзеге асырады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Үкіметтің қаулыларын және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімдерін, халықаралық келісімдер мен шарттарды, басқа да заң және нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департамент заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, бұрыштамасы және заңды тұлғаларға тиісті басқа да фирмалық белгілері бар.

Департаменттің банк мекемелерінің бірінде ағымдағы есепшоты болады.

4. Департаменттің мекен-жайы - Алматы қаласы.

5. Департаменттің негізгі функциялары:

төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындарға, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкіне берілгендерге олардың шаруашылық-қаржы қызметтерін талдау және бағалау негізінде қайта ұйымдастыру мен таратудың кешенді жоспарларын әзірлеу жөнінде

консультациялық көмек көрсету;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі жоспарларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне бергенге дейін бекіту;

кәсіпорындардың ұйымдастыру, техникалық, қаржылық қайта құрылу мәселелері, сондай-ақ олардың әлеуметтік қаражаттары, айналадағы ортаны қорғау проблемаларын қоса, қайта ұйымдастыру мен тарату жоспарларын әзірлеген кезде шетелдік және отандық консультанттардың жұмысын үйлестіру және олармен өзара іс-қимыл жасау;

өміршеңдік қабілетін бағалауда көмек көрсету жөнінде жұмыс топтарын ұйымдастыру және осы негізде министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, орталық және жергілікті атқару органдары мамандарының және консультанттардың қатысуымен төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жоспарларын жасау;

республикада осы мамандықтағы мамандарды даярлау, қайта ұйымдастыру мәселелері бойынша, оның ішінде оларды контракт негізінде қайта ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына тарту арқылы консалтинг фирмаларын құруға көмектесу;

банкроттық туралы заңдарды қолданудың шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеу мен қорыту және оның негізінде дәрменсіз кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату процедураларын жүзеге асырудың әдістемесін жетілдіру болып табылады.

6. Өзінің негізгі функцияларын орындау үшін Департаменттің:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінен, Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттіктен және қажет болған жағдайда басқа да министрліктер мен мемлекеттік комитеттерден төлем қабілеті жоқ кәсіпорындар туралы (негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, кәсіпорындардың бухгалтерлік баланстары, берешектері жөніндегі мәліметтер және басқа талдау материалдары мен құжаттар) ақпарат алуға;

жұмыс топтарын ұйымдастыру тәртібі мен олардың құрамын белгілеуге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген кәсіпорындарға еркін баруға және олардың басшыларымен өзара іс-қимыл жасап, оларды қайта ұйымдастыру мен таратудың кешенді жоспарларын әзірлеуге;

өз қызметін жоспарлауға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген құрылымы мен штаттық кестесін еңбекақы қорының және бөлінген адам санының шегінде дербес белгілеуге құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің қаржысы Департаментті қаржыландыру көзі болып табылады.

8. Департаментті басқару Департамент басшысына жүктеледі. Департамент басшысын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

9. Департаментті қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.